

"Алтыналмас" Ұлттық акционерлік компаниясы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1993 жылғы 21 қаңтар N 1086.
Күші жойылды - 1995.12.05. жарлықпен.

Қазақстан Республикасының құрылатын алтын қоры мен алмас қорын басқару тиімділігін арттыру, валюталық әулетін нығайту мақсатымен және бағалы металдар мен асыл тастар тек қана мемлекеттің меншігі болып табылатынын ескере келіп қаулы етемін:

1. Республиканың алтын қоры мен алмас қорын құруға қатысушы кәсіпорындар мен ұйымдардың "Қазалтын" Республикалық өндірістік бірлестік кәсіпорындар мен ұйымдары негізінде мемлекеттің, сондай-ақ "Қазалмасалтын" Қазақ мемлекеттік консорциумының, Алматы зергерлік бұйымдар зауыттарының, "Қазалмасалтын" мемлекеттік институтының қатысуымен "Алтыналмас" Ұлттық акционерлік компаниясын құру туралы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті қолдаған ұсынысы мақұлдансын.

"Алтыналмас" Ұлттық акционерлік компаниясының президентін Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды деп белгіленсін.

"Алтыналмас" Ұлттық акционерлік компаниясының құрылуына байланысты "Қазалтын" Республикалық өндірістік бірлестігі таратылсын. Жарғыға сәйкес және құрылтайшылардың шешімімен "Қазалмасалтын" Қазақ мемлекеттік консорциумы алдына қойылған міндеттерді іске асырушы ретінде өз қызметін тоқтатқандығы еске алынсын.

"Алтыналмас" Ұлттық акционерлік компаниясы "Қазалтын" Республикалық өндірістік бірлестігінің және "Қазалмасалтын" Қазақ мемлекеттік консорциумының заңды мұрагері болып табылады деп белгіленсін. <*>

Ескерту. 1-тармақтың бірінші абзацынан сөздер алынып тасталған -
ҚР Президентінің 12.01.1995 ж. N 2032 Жарлығымен.

2. "Алтыналмас" Ұлттық акционерлік компаниясына:

қайталама шикізатты ұқсатуды, ғылыми-зерттеу және жобалау жұмыстарын жүргізуді қоса алғанда бағалы металдарды, асыл тастарды, алмасты және олардан жасалған өнімдерді алумен, өндірумен шұғылданатын меншік нысандары әртүрлі кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметін үйлестіру;

республиканың алтын, алмас өндіруші салаларын қолдау мен дамытуға, оның

ішінде шетелдік әріптестерді қатыстыра отырып қолдау мен дамытуға бағытталған бірыңғай кредиттік және инвестициялық саясатты әзірлеу мен іске асыруды қамтамасыз ету;

республиканың алтын қоры мен алмас қорын құруға қатысушы меншік нысандары әртүрлі кәсіпорындар мен ұйымдар арасындағы өзара тиімді сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастықты дамытуды қамтамасыз ету жүктелсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті "Алтыналмас" Ұлттық акционерлік компаниясына оның құрамына кіретін кәсіпорындар мен ұйымдардың мемлекеттік мүлкін иелену, пайдалану және басқару хұқын беретін болсын.

Аталған кәсіпорындар мен ұйымдардың акционерлік қоғам болып қайта құрылуына қарай акциялардың тиісті мемлекеттік бақылау пакеттері "Алтыналмас" Ұлттық акционерлік компаниясының басқармасына беріледі деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының алтын қоры мен алмас қорын құруды жеделдете түсудің және жалпы ұлттық проблемаларды шешудің маңыздылығын ескере отырып, "Қазақстан алтыны" бағдарламасы ұлттық бағдарламалар тізбесіне қосымша енгізілсін.

5. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:

1993-1997 жылдарға арналған "Қазақстан алтыны" Ұлттық бағдарламасын және оны ғылыми-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі шараларды белгіленген тәртіппен бекітуге ұсынатын болсын;

"Қазақстан алтыны" Ұлттық бағдарламасына енгізілген

объектілердің материалдық-техникалық базасын дамытуға мемлекеттік қолдау жасайтын болсын.

6. Мемлекеттік басқару органдары, әкімдер Қазақстан Республикасының алтын қоры мен алмас қорын құру, "Алтыналмас" Ұлттық акционерлік компаниясының, сондай-ақ оның құрамына кіретін кәсіпорындар мен ұйымдар қызметінің мәселелерін шешуге жәрдем көрсететін болсын.

7. Осы Жарлық жарияланған сәттен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК